

## Көлікте жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі облыстық комиссияны бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімінің шешімі 1998 жылғы 2 шілдедегі N 213 Павлодар облысының әділет басқармасында 1998.07.23. N 54 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 11 шешімімен.

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2007 жылғы 8 маусымдағы N 11 шешімімен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы сәуірдің 28-дегі "Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері" N 391 Қаулысына сәйкес және жолдағы апаттарды азайту, көлік кешені жұмысының қауіпсіздігін арттыру және облыстағы кәсіпорындар мен көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдар дайындау мақсатында **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі облыстық комиссия құрылсын (1 - қосымша).

2. Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі облыстық комиссияның Ережесі бекітілсін (2 - қосымша)

3. Қалалар мен аудандардың әкімдері: көлікте жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қалалық (аудандық) комиссияларды құрсын, комиссия төрағасының міндеті әкімнің орынбасары қалалық (аудандық) төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның төрағасына жүктелсін;

көлік апатын азайту, қалалар мен поселкелердегі көшелер желісін қайта құру және дамыту, жолдағы жүріс-тұрысты жөнге салатын техникалық құралдарды тиісті түрде ұстау үшін шаралар кешенін дайындап, жүзеге асыратын болсын.

4. Облыс әкімінің 1996 жылғы маусым айының 24-дегі "Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі облыстық комиссия туралы" N 116 және 1998 жылғы сәуір айының 13-дегі "Облыс әкімінің 1996 жылғы маусым айының 24-дегі N 116 шешіміне өзгертулер енгізу туралы" N 125 шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

### *Облыс әкімі*

Облыс әкімінің  
1998 жылғы 2 шілдедегі  
N 213 шешіміне 1-қосымша



елді мекендердің көше желілерін салу және қайта құру, жылжымалы құрамның техникалық көрсеткіштерін жақсарту, көлік қозғалысын реттейтін бүгінгі күннің техникалық құралдарын іске қосу, көлік құралдары жүргізушілерінің кәсіби деңгейлерін арттыру, жол полициясы басқармасының қызметкерлерін және көлік құралдарының жүргізушілерін жол-көлік уақиғаларында зардап шеккендерге бірінші дәрігерлік көмек көрсету бағдарламаларын жасауға қатысу;

Қазақстан Республикасының көлікте жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген заң қағидастары мен нормативтік актілеріне қажетті өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындауға қатысу;

кәсіпорындар мен мекемелердің, қоғамдық бірлестіктердің көлік уақиғаларының алдын алу және оң тәжірибені тарату жөніндегі тәжірибелерін зерделеу;

шаруашылық объектілердің, қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын талдау, көлікте жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде ұсынымдар шығару;

барлық жатсағы тұрғындарға жол қозғалысы Қағидаларын үйретуге, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі білімдерді насихаттауға қамқорлық көрсету;

көлікте жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі озат тәжірибені зерделеу ;

### 3 . Комиссия :

кәсіпорындардан, ұйымдардан және мекемелерден көлікте жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін көрсететін мәліметтерді сұратуға және алуға ;

меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде бақылау жүргізуін ұйымдастыруға ;

өз мәжілістерінде кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының баяндамалары мен есептерін тыңдауға ;

өз қарамақтарындағы көлікте жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етпейтін басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тартуға ұсыныстар жасауға құқылы;

4. Комиссия өз жұмысын комиссия төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді. Комиссия мәжілісі тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі. Комиссияның шешімдері хаттамада ресімделеді және ұсыныстық сапта болады.

5. Облыс әкімі бірінші орынбасарының бөлімі комиссия жұмысын ұйымдастыру техникалық жағынан қамтамасыз етеді.

